



ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
“АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ”**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

**К 125 ЛЕТИЮ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА
“РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
КАПИТАЛА”**

23 қараша 2018 ж., Қостанай қ.
23 ноября 2018 г., г. Костанай

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

А 32

**РЕДАЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Әбіл Еркін Аманжолұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Медетов Нурлан Амирович, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму проректоры, физика – математикалық ғылымдарының докторы;

Мусабекова Гульвира Айдархановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелері жөнендегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Ахметов Тлеген Альмуханович, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Аманжол Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының профессоры (Мәскеу, Ресей)

Оспанов Серикбай, филология ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының аға қызметкері;

Айдналиева Назгуль Аманжоловна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психология-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Утегенова Бибигуль Мазановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Мнайдарова Светлана Сейтжановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Калиев Дастан Дуйсенұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі.

**«АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ» = «РОЛЬ
ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА».** –

А 32

Қостанай, 2018. – 244б.

ISBN 978-601-7934-59-0

«Адами капиталды даму контекстіндегі білімнің рөлі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер адами капиталды даму контекстіндегі қазіргі заманауи білім берудің өзекті мәселелерін айқындады, тәрбие жүйесінің өскелең ұрпақтың басымдықтары мен құндылықтар бағдарын қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетті, білім берудің жаңа міндеттеріне сәйкес педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдірудің қажеттілігін негіздеді.

Аталған жинақ жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналған.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции к 125 летию Магжана Жумабаева «Роль образования в контексте развития человеческого капитала».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники отразили актуальные проблемы современного образования в контексте развития человеческого капитала, показали ключевую роль системы воспитания в формировании ценностных ориентаций и приоритетов подрастающего поколения, обосновали необходимость совершенствования профессионализма педагогов в свете новых образовательных задач.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ и научные сотрудники.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-59-0

©Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018

©Костанайский государственный педагогический университет, 2018

Баян батырдың 1756-1757 жылдары болған қазақ хандығы мен Қытайдың Цин империясы арасындағы соғысқа қатысып, ерекше ерлік көрсеткені І.Есенберлиннің «Жанталас» романында жазылған. Бірақ, роман көркем шығарма болғандықтан онда тарихи шындық бұрмаланған. Жазушы батырдың шыққан тегі мен оның қайтыс болуы жөніндегі пікірлері талас туғызады [10].

Мағжанның «Батыр Баян» поэмасының желісінде кинорежиссер С.Тәуекел тамаша фильм түсірді. Астанада осы аттас музыкалық спектакль қойылды. Сөйтіп, есіл ердің есімі қалың жұртшылыққа біршама жақсы танысболды.

Батыр Баян туралы әзір іргелі шығарма әзірге жоқ. 2008 жылы қызылжарлық өлкетанушы ақсақалдар Зейнолла Олжабаев пен Социал Жұмабаев батыр туралы жарияланған мақалаларды, мұрағат құжаттарын жинастырып жеке кітапша етіп жарыққа шығарды [11].

Баян батырдың екінші өмірі, ғылымдағы өмірі, халқының тари-хи санасындағы өмірі енді басталған сияқты. Биылғы істеліп жатқан шаралар, атқарылып жатқан шаруалар осы үлкен жұмыстың басы боларына сенімдімін. Ғалым-тарихшы реінде қолғабысымды тигізуге, ұстаз ретінде батыр бабамыздың ерлігін насихаттауға дайын екендігімді білдіремін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Валиханов Ч. Исторические предания о батырах ХУІІІ века. Избр. произведение, Алматы 1958г. стр.122-124 б..
2. Шәді төре Жәңгірұлы «Тарихат (Абылай хан. Тарихи жырлар. Алматы, 1993,).
3. З.Олжабаев Батыр Баянның ұрпақтары бар. «СолтүстікҚазақстан» 9.07.1993
4. Муканов. Батыр Баян из рода Уак. Газета «Перспект» 5.05.2006.
5. Жұмабаев С. Батыр Баян өмір деректерінің жаңа беті. «Солтүстік Қазақ-стан» 27.07.2007
6. Әй, заман-ай, заман-ай, 1 том, 79 бет.
7. Бұл да сонда
8. Государственный архив Омской области. Фонд Военно-походная канцелярия командира Сибирского корпуса. Опись 1. Дело 89, /лист 737./ 17.08.1760.
9. Қ. Мұқанов Батыр Баян. «Қызылжар нұры» 23.05.2006.
10. І.Есенберлин. Жанталас. «Жазушы» Алматы 1972. 264-267 бб.
11. БАЯН БАТЫР (зерттеу мақалалар жинағы) Құрастырғандар: С. Жұмабаев., З. Олжабаев Қызылжар. 2008.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ПАЙҒАМБАРЫ

Ахметов Тілеген Әлмұханұлы
пед. ғыл. канд., ҚМПУ профессоры,
Қостанай қ.
E-mail: a-prorektor@mail.ru

Аннотация

Мақалада Мағжан Жұмабаевтың лирикалық өлеңдерінің, ғашықтық жырларының мән-мазмұны ашылып, «Қорқыт» поэмасы мен «Педагогика» кітабының қазақ ғылымындағы орны көрсетіледі.

Аннотация

В статье раскрывается воспитательное значение лирических стихов, поэмы «Коркыт», научного труда «Педагогика» поэта Магжана Жумабаева.

Abstract

The article reveals the educational value of lyrical poems, poem "Korkyt", scientific work "Pedagogics" of the poet Magzhan Zhumabayev.

Түйінді сөздер: Мағжан Жұмабаев, Пайғамбар, рухани-адамгершілік, Гун, Күншығыс, Қорқыт, педагогика, ақын, Ақан, Зылиқа, өмір, өлім, тәрбие.

Ключевые слова: Мағжан Жумабаев, Пророк, духовно-нравственное, Гун, Восток, Коркыт, педагогика, поэт, Ахан, Зылиха, жизнь, смерть, воспитание.

Key words: Magzhan Zhumabayev, Prophet, spiritual and moral, Gong, East, Korkyt, pedagogics, poet, Akhan, Zylikh, life, death, education.

Мағжан туралы мақаламыздың атын бекерден-бекер осылай атамадық. Ол «Пайғамбар» атты үлкен пафоспен жырланатын өлеңінде:

«Күншығыста ақ алтын бір сызық бар,

Мен келемін, мен Пайғамбар – Күнұлы», – деп өзінің өмірге ғана емес поэзия әлеміне де келгенін дүниеге паш етеді. Ол – өзінің ақындық қуатын, асқақ мұратын, пәк ұстанымын терең сезіне де, түсіне де білген ақын.

Ең бірінші, Мағжан – шығысты жырлайтын түрікшіл ақын. Ол батыс елдердегі адамгершілік қасиеттің азып-тоза бастағанын білгендіктен:

«Күнбатысты қараңғылық қаптаған,

Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.

Білген емес – иман деген не нәрсе,

«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған» – деп, олардың рухани-адамгершілік, имандылық қасиеттерден гөрі қарын тойдыру секілді материалдық құндылықтарды ұлықтайтындықтарына қынжылады. Сонымен қатар, ол еуропалықтардың Мұса пайғамбардың тілін кескеніне, Иса пайғамбардың қанын ішкеніне, Інжіл мен Құранды өртегеніне үлкен өкініш білдіріп, олардың қара түнекте эззілдің, жын-шайтанның жолында жүрген «Кәдімгі Иван есалаңға» теңейді [1,51-52 б.].

Мағжан батыстағы орнаған қара түнді серпілтетіп Күншығыстан келетін бір пайғамбар болатындығын айтады. Ол қап-қараңғы түнде Күн туған, одан от көзді, от жанды Гун туған дей келіп, сол атты Гуннен от боп ойнап өзінің туғандығын жырлайды. Күншығыстан жарық берер таң келетіндігін, жердің жүзіне өзінің нұр беретіндігін паш етеді.

Мағжан «Күншығыс» атты өлеңінде батыс елдерінің қаңқұмарлығын, соғысқұмарлығын, көпбілемшілдігін, дарақылығын, ібіліске ерген есерлігін қатты сынай отырып, басында оларды «Күл қылайық қаласын, Күл қылайық баласын» деп қатуланады да, артынан олардың адасқандығын, дұрыс жолға түсуін, күншығыстың нұрына бөленуін тілейді, мейірімділік көрсетеді:

Мұндарларды адасқан,

Айрылып естен шатасқан

Күншығыстың жолына

Салайық, шетсің демейік,

Аямайық, көмейік

Күншығыстың нұрына [1, 54-55 б.].

Мағжан Жұмабаев – отты, лирикалық, патриоттық өлеңдерімен қатар «Батыр Баян», «Ертегі», «Қорқыт», «Жүсіпхан», «Тоқсанның тобы» деген поэмалардың да авторы. Сонымен қатар, Мағжан сүбелі «Педагогика» деген кітап, бірнеше ғылыми-танымдық мақалалар жазған, шет ел әдебиеттерінен аудармалар жасаған. Бір таңғаларлығы, Мағжанның ақындық қасиетінің әсері болар, оның қара сөзбен жазылған шығармалары, моншақтай түзілген өлең секілді төгіліп тұрады. Мәселен, Мағжанның «Ақан сері» мақаласы оқырманына ерекше әсер етеді. Мағжан шығармасын «Ақынның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір», – деп бастап, Ақанның Біржан салдай серілігін былай суреттейді:

«Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай

оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Басында – бұлғақтаған үкі, қолында – домбыра, аузында – ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңдірентіп Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады. Қалың қарауылдың қара көздері «Ақанның әні-ай!» деп күрсінеді» [2, 159 б.].

Мағжанның ақындық қуатын, әсіресе, Алаш қайраткерлері аса жоғары бағалаған. Оған Жүсіпбек Аймауытовтың Мағжанға тағзым атты еңбегінде:

«Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз, толық сынау үшін, оның алдын орап, өрісін артылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек», – деп жазуы дәлел.

Мағжан «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 22 наурыздағы 7-санында жарияланған «Орал тауы» деген өлеңінде:

«Бір күнде сенің иең Түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Ер түрік ен далаңа көрік еді,

Отырса, көшсе, қонса – ерік еді», – деп жазуының себебін, профессор Серік Негимов былайша түсіндіреді: «Мемлекетшілдік, түрікшілдік, елшілдік қасиеттері телегей кемел пікірлі заманалық тұлғаның ұлттық-көркемдік санасының, индивидуалдық дамуының биік дәрежесін жігіттік шағында-ақ әйгілейді» [3].

Әйгілі Ақан серінің сұлу өміріндей сұлу өмір алғашқысында Мағжан Жұмабаевқа да бұйырған еді. Өзі сұлу, өзі оқыған, өзі ақын, мыңды айдаған байдың тұқымы ақын Мағжан да жас кезінде сері болған. Сондай Мағжан Ақан серінің өміріне ұқсас өмір тәлкегіне ұшырайды. Бұл кезең Мағжанның «Қорқыт» поэмасын жазған жылдар болатын: «Қорқыт» поэмасының мазмұны ақынның бүкіл әуре-сарсаң өміріне дәл келіп тұрғандай. Белгілі оқығаны қайта жырлағанда, бар болмыс-қалпын, тағдыр жайын өз түсінігінен, өз ой елегінен өткізіп бергендей. Қорқыт пен өлім Мағжан үшін аса жұмбақ тақырып» [4, 25 б.].

Мағжанның «Қорқыт» поэмасын жазған кезеңі оның өмірінің аласапыран уақыттарына сәйкес келуі символикалық ойларға жетелейді. Осыдан кейін Мағжан репрессияға ұшырап, он жылдай сергелдеңге түсіп, ақыры түрмеде атылады. Өмірдің мәні мен өлімнің жұмбағы кімді болса да ойланып, толғандырмай қоймайтындығы белгілі. Адам өмір бойы «Адам неге өледі, өлімнен кейін өмір бар ма?» деген сұрақтарға жауап іздеуі табиғи құбылыс. Мағжан да осы сұрақтарға «Қорқыт» поэмасын жазу арқылы жауап беруге талпынады. Осы кезеңде «Ой», «Мені де, өлім, әлдиле», «Зар» деген пессимизмге толы қайғылы өлеңдер жазады. Ақын өлімнің ақиқат екенін, табиғаттың бұлжымайтын, өзгермейтін үкімі екенін мойындайды, өлімнен қорықпау керек екендігін суреттейді.

Осыған байланысты атақты ойшыл Жан-Жак Руссоның: «Өлімнен жұрт бекер қорқады, өйткені біз тірі тұрғанда өлім жоқ, ал ол келе қалған сәтте біз бұл дүниеде жоқпыз», – деген философиялық тұжырымын өмірлік ұстаным етуге болады.

Қазақ халқында да өлім мен өмірдің мәні туралы айтылған қанатты сөздер баршылық. Мәселен, «Жұрттың бәрі жұмаққа барғысы келеді, бірақ ешкімнің өлгісі келмейді», «Мың күнгі жұмақтан бір күнгі тіршілік артық», «Жеңіл өмір бергенше, жеңіл өлім бер», «Қорлықпен өткен өмірден, көсіліп жатар көр артық», «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ», «Адам қартайса да, көңіл қартаймайды», «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады», «Өзекті жанға – бір өлім», «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» секілді мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің мән-мағынасын Мағжан да терең түсіне, сезіне біліп, өз шығармашылығына ұтымды пайдаланып отырған. Сондықтан ол поэмасын мынандай өлең жолдарымен түйіндейді:

Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем [1, 261 б.].

Қай заманда болмасын аға буын жас буынға риза бола бермейді. «Бүгінгі жастар бұзылған, ақырзаманның балалары» деп сөгіп, жамандап жатады. Ал, Мағжан ақынның жастардан үміт күтіп, олардың болашағына сеніммен қарауы аға буынға көрсеткен үлгісі, өмірлік сабағы деуге болады. Сондықтан болар ол:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға?!
Иман күшті оларда,

Мен жастарға сенемін!» – деп ұлттың болашағы жастарда екенің, өзінің жастарға сенетіндігін әйгілейді.

Мағжан Жұмабаев – қазақ тарихындағы Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері секілді сал-серілердің, ақындардың жалғасы. Оның ғашықтық жыр-өлеңдері, махаббат лирикасы, сұлу қыздарға бағышталған арнау өлеңдерінің өзі сезімтал адамның жүрегін тербейді. Оған дәлел – ақынның «З...-ға, Гүлсімге, Сүй жан сәулем, Н...-ға, Жас сұлуға, К-ге, Ж-ға, Ф...ға, Р-ға» деген ғашықтық өлеңдері.

Тек Мағжан секілді ақынның пайғамбары ғана сүйген қызына:

«Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Жет жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін», – деген өлең арнар еді.

Мағжанның сүйеніші де, сенері де – оның сүйген жары Зылиқа. Бізге жеткен ақпар бойынша Мағжанның әкесі Бекен оның Зылиқаға үйленгеніне кесімді қарсы болған. Зылиқа – оқыған, татар қызы. Мағжан әкесінің тыйымына құлақ аспай Зылиқаға үйленгенде, өтірік-шыны белгісіз, әкесі Бекен теріс бата берді деген сөз бар ел арасында. Тарихи жағдай солай болды ма, әлде әкенің теріс батасының кесірі ме, әйтеуір Мағжанның өмірі трагедиялық аяқталды. Мағжанның 1929 жылдан 1938 жылға дейінгі он жыл өмірі азапты қиындықта өтеді. 1936 жылы М.Горький мен Пешкованың көмегімен уақытша ғана бостандыққа шыққанымен, 1937 жылы түрмеге қайта қамалады. Ал, 1938 жылы қайран ақын атылып кетеді.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты ғылыми еңбегі – қазақ тарихындағы тәлім-тәрбиеге арналған тұңғыш сүбелі кітап. Ол бұл еңбегін: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі» [2, 26 б.], – деп бастап, қазақ еліндегі мұғалімнің қадір-қасиетін, төрдегі орның айқындап береді.

Педагогика кітабының мазмұнын Мағжан мұғалім болып жұмыс істеген кезде оқыған дәрістерінің негізінде жазған. Бұл еңбекте алғаш рет педагогика ғылымындағы терминдердің қазақша атаулары берілді. Кітапта «Тәрбие деген не?, Тәрбиенің мақсұты, педагогика қандай пән?, Педагогиканың бөлімдері» деген сұрақтарға жауап беріледі. Кейіннен Қазақстанда педагогика ғылымындағы термин сөздердің басым көпшілігі Мағжанның «Педагогика» кітабының негізінде жасалды. Сонымен қатар, бұл кітапта психология ғылымына да ерекше көңіл бөлініп, бала тәрбиесінің педагогикалық-психологиялық қыр-сыры ашылады.

Қорыта айтқанда, Мағжан Жұмабаев – қазақ халқының ақындар шоғырындағы ең жарық жұлдыздарының бірі. Сонымен қатар, ол – қазақтың педагогика-психология ғылымдарының негізін қалаушы Алаш қайраткері.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев Мағжан. Шығармалары. I-том: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
2. Жұмабаев Мағжан. Шығармалары. II-том: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
3. Негимов Серік. Мағжан поэзиясындағы Ұлы Дала Рухы. EGEMEN QAZAQSTAN. 20 қыркүйек, 2018 ж.
4. Базарбаев М. Мағжан Жұмабаев. Кіріспе. Жұмабаев Мағжан таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.

К ВОПРОСУ О НЕОБХОДИМОСТИ ИЗМЕНЕНИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ ПЕДВУЗА

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогика ғылымдарының кандандидаты,
ҚМПУ доценті, Қостанай қ.
E-mail: bibi1960@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы мәселелер қарастырылды. Өзгерістердің себеп-салдары, тұжырымдамалаық бағыт-бағдары туралы зерттеу сипатталған.

Түйінді сөздер: білім беру жүйесі, жаңғыру, өзгерістер, жаңашылдық, технологиялары, ғылыми-әдіснамалық бағыт

Аннотация

Актуальность материала статьи в том, что в ней рассматриваются проблемы необходимости качественных изменений в содержании подготовки будущих педагогов, их соответствие ожиданиям современной школы.

Ключевые слова: стратегия образования, изменения и преобразования в образовательной системе, инновации в высшей школе, принципы образования

Abstract

The relevance of the article material is that in it the problems of the need for qualitative changes are being considered in the content of preparation of future teachers, their suitability with the expectations of the modern school.

Keywords: education strategy, changes and transformations in the educational system, innovations in higher education, principles of education

В Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан с 2016-2019 гг. ставится задача необходимости системно выстроить опережающую подготовку учителя на основе модернизации тех изменений в системе образования и предстоящей профессионально-педагогической деятельности в новых условиях. Эта очень сложная задача, но ее нужно ставить и решать, используя все ресурсы педвуза.

В международном отчете «Глобальное будущее образования» (Global Education Futures, GEF) подчеркивается проблема, что системы образования в международном образовательном сообществе в целом, инертны, продолжают удовлетворять потребности старой системы образования, построенного на только знаниевой парадигме. Необходимость переосмысления целей и стратегических концептуальных смыслов образования – актуальная задача педагогического сообщества. По сути, в системе образования необходим «ренессанс человеческих ценностей» и активное преобразование образовательной практики. Образованию нужны инициативные личности, лидеры, которые будут эффективно решать задачи непрерывного конкурентноспособного образования, соответствующего духу времени, требованиям постиндустриального общества.

Алғы сөз.....	3
Аманжол Күзембайұлы Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» жырының тарихилығы.....	4
Ахметов Т.А. Мағжан Жұмабаев – өлең сөздің пайғамбары.....	7
Утегенова Б.М. К вопросу о необходимости изменений в образовательной практике педвуза.....	11
Абдрахманова М.С. Мағжан Жұмабаевтың ойлау ұғымы мен сындарлы оқыту үндестігі.....	14
Айтуарова Л.Н. Патриотическое воспитание как основа формирования духовных ценностей у подрастающего поколения.....	16
Аканбаев Б.Н. Нұркелді П. Эмоционалды күйіп кетудің белгілері және салдары...	19
Аманжол Күзембайұлы, Алибек Т.К., Шақимбаева А.Р. Движение Марал-ишана: характер и идейные основы.....	22
Аманжол Күзембайұлы, А.Сероус Раннесредневековые печенеги.....	26
Аухатова Р. Ж., Мурзагалиева К.З. Мағжан дүниетанымы.....	30
Ашимова Н.Т. Просветительские идеи Магжана Жумабаева и современная образовательная система.....	34
Байжанова С.А., Балгабаева Г.З. Формирование поликультурной личности младшего школьника в условиях модернизации общественного сознания.....	38
Батура Л.В. Некоторые инновационные подходы в преподавании математики в школе.....	43
Батыргалиева Р.Т. Исследование современного урока географии в условиях малокомплектной школы: проблемы и перспективы.....	48
Бегежанова Г.Х. Білім берудегі инновациялық технологиялар.....	50
Болотвина Г.В. Педагогические взгляды Магжана Жумабаева.....	54
Гвиздок Л.В. Великий сын востока.....	57
Геворкян А.Р. Применение элементов дистанционного обучения в учебном процессе колледжа.....	61
Гончар Н.А., Иванова Е.Н. Некоторые особенности отражения педагогических идей М. Жумабаева в современном образовании.....	65
Даулетбаева Г.Б. Мұғалімнің кәсіби бағыттары пәнінің мазмұнындағы талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбын оқыту мәселесіне.....	68
Досмурзина А.К. Инновациялық әдіс-тәсілдерді білім беруде қолдану.....	70
Ермаганбетова А.Ж., Бексултанова Р.Қ. Мағжан Жұмабаев және заманауи білім..	73
Жармухамбетова Ж.К. Балалар әдебиетіндегі Мағжан.....	76
Жумабаева Г.Т. Мағжан Жұмабаев еңбектері- рухани әлемді танудың көзі.....	81
Жумабаева М.А. Актуальность педагогических трудов Магжана Жумабаева в современной образовательной системе.....	83
Иванова Е.Н. Некоторые возможности использования педагогических идей М.Жумабаева студентами в воспитательной работе с учащимися	88
Иванова Е.Н., Лантух Я.С. К вопросу направлений ознакомления студентов с инновационными подходами к обучению учащихся начальной школы.....	91
Ивышева Э.К. Жас ұрпақты рухани құндылықтармен тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру.....	95
Ильясов Е.К. Реализация задач духовно-нравственного воспитания на уроках математики.....	98

Ильясова Г.А. Сабақты зерттеу» тәсілі эксперименталдық зерттеудің ерекше нысаны ретінде.....	102
Исетова Б.К. Использование передовых педагогических идей М. Жумабаева при формировании ключевых компетенций учащихся на уроках математики.....	106
Исмагулова К.Б., Симакина И.А. Развитие у детей общечеловеческих ценностей на интегрированных уроках.....	109
Кабденова Ж.М. Мағжан Жұмабаев - жарық жұлдыз.....	112
Калиев Д.Д. Мешітхан А.А. Дебат технологиясы арқылы тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары.....	116
Калиева А.А. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі.....	119
Карамурзина А.Б. Жаңаша үлгідегі сабақты ұйымдастыру – мұғалімнің жеке шығармашылық жұмысы.....	122
Карымсакова Д.Т, Утегенова С.Т. Методика проведения семинарского занятия в системе образования.....	126
Кенжегарина А.Ә., Арыстан Н.Н. Инновациялық білім беру – дамыған ұстаз, дамушы оқушыны қалыптастыру бағыты.....	129
Кокасова Р.К. Мағжан Жұмабаевтың өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі..	133
Қонарбаева Б.Қ. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	135
Куркбасова Г.С. Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық қарым-қатынастың тиімділігі.....	139
Мурат С. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері - ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі.....	144
Мурзабекова А.Б. Обучение с использованием мобильных устройств как новая система взаимодействия участников образовательного процесса.....	147
Муханова А.М., Биримжанова А.К. Жаңартылған білім-заман талабы.....	149
Нургалиева А.Ж., Бабаченко Л.П. К вопросу о некоторых задачах духовно-нравственного воспитания учащихся общеобразовательной школы.....	152
Нурушева Г.К. Вопросы организации курсов подготовки и переподготовки казахских специалистов в 1920 годы (на основе архивных материалов).....	155
Порошина Т.И. Основные аспекты исследования духовно-нравственных ценностей в контексте социально-гуманитарного знания.....	160
Саметова Н.С. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдіру.....	162
Саутпаева А.А., Барамбаева К.А. Білім берудің тиімді түрі.....	165
Сафронова Г.К. Инновационные технологии и подходы в работе социального педагога.....	168
Сембетова Г.С. Өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруда қазақ әдебиетінің ролі	172
Смолева Н.В. Применение метода джигсо на уроках специальных дисциплин...	175
Сулейменова Қ.Қ. Ұлт мақтанышы – Мағжан Жұмабаев.....	178
Сулейменова Л.М., Шинибекова Г.С. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	181
Султанова А.С. Мағжанның маржан мұрасы.....	185
Сураганова Б.Б. Использование произведений Магжана Жумабаева в преподавании истории казахстана	189
Сыздыкова Қ.К. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	192
Тайкенова А.У. Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық идеяларының қазіргі заманғы білім беру жүйесімен үндестігі.....	196
Тортулова А.Ә. Мағжан Жұмабаевтың келешек ұрпаққа салған дара жолы.....	198
Уварина Н.В. Аспекты креативно-прогностического управления в современном образовании.....	200

Уразова Л.И. Внедрение инновационных технологий в образовательную практику-становление конкурентоспособного специалиста.....	204
Фатхудинова И.В. Экологическое образование, воспитание и культура.....	209
Хамзина К.Б. Жастарға ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырудағы тәрбие мәселелері.....	212
Шалгимбекова А.Б., Шамитдинов А.М. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі инновация.....	216
Шарипов К.К. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	219
Шолқыбаева Р.М., Жантлесова М.Х. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі ...	222
Шолпанбаева Ғ.Ә., Безаубекова А.Д. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы ұлттық тәрбие.....	225
Шыныбекова А.Б. Сохранение национальной идентичности через педагогические идеи М. Жумабаева	228
Мнайдарова С.С., Ахманова К.Б. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	231
Көбекова А.Қ Студенттердің көшбасшылығы.....	234
Сауленко Т. Н., Науменко Н. Ю. Этнопедагогика М. Жумабаева и современность.....	239